

24 Бухгалтерлік есеп стандарты бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастыру

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 455 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 455. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қызметтердің мақсаты және ауқымы

Ескерту. Стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектілердің", "субъект", "субъектілері", "субъектілерде", "субъектісіне", "субъектінің", "субъектілер", "шаруашылық операцияларын", "шаруашылық операцияларының", "шаруашылық операциялары", "басшы", "басшысы", "машина", "мүлікті түгендеу мен қаржылық міндеттемелердің", "мүлікке және ақшалай міндеттемелерге", "мүліктер мен міндеттемелердің" деген сөздер тиісінше "ұйымдардың", "ұйым", "ұйымдары", "ұйымдарда", "ұйымына", "ұйымның", "ұйымдар", "операциялары мен оқиғаларын", "операциялар мен оқиғаларының", "операциялары мен оқиғалары", "басшылық", "басшылығы", "электронды", "активтерді және міндеттемелерді түгендеудің", "активтер мен міндеттемелерге", "активтер мен міндеттемелердің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

1. Бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастырудың тәртібін ұйымдардың осы стандарты белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа ескерту алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

2. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есеп беруді құру ұйымдардың төмендегі негіздерінде:

"Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен ;

бухгалтерлік есептің стандарттарымен (БЕС);

БЕС-ке арналған әдістемелік ұсынымдарымен;

бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ұйымдары бойынша бұйрықтар, нұсқаулықтар, нұсқаулар, есептеу саясатымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

3. Осы стандарт қызметін реттеу мен қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген ұйымдарды қоспағанда, бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру кезінде ұйымдардың барлық түріне қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

Бухгалтерлік қызметтердің міндеттері

4. Бухгалтерлік қызметтердің міндеттері - басшылықтың және басқарудың жеделдігі үшін қажетті кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістері туралы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп ережелерін жүргізу және қаржылық есеп беруді құру және қағидаттарын белгілеуді бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес инвесторлардың, жеткізушілердің, сатып алушылардың, қарыз берушілердің, мемлекеттік органдардың, банктердің және өзге де мүдделі азаматтардың пайдалануы үшін толық және нақты ақпараттармен қалыптастыруды жүзеге асыру болып табылады .

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

Бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастыру жұмыстары

5. Бухгалтерлік есепті ұйымдастырушы ұйым - іс-әрекеттің түрлеріне, шаруашылықтың көлеміне және нақтылы шарттармен;
бухгалтерлік жұмыстар түрлерін ұйымдастыруды жеке-дара белгілеуді;
есептеу саясатын қалыптастыруды;
өндірістік және қаржылық есептердің қызметтік ажыратуларын жүргізуді;
бухгалтерлік есепті ұйымдастыру үшін қажетті операцияларға бақылау тәртіптерін дайындауды жүзеге асырады, сондай-ақ басқа да шешімдер қабылдайды .

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

6. Бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың ұйымына, операциялары мен оқиғаларын орындау кезінде заңдарды сақтауға - басшылық жауапкершілік атқарады.

7. Бухгалтерлік есептің ұйымы - бас бухгалтер басшылық ететін оның құрылымдық бөлімшелерімен (қызметімен), немесе егер ұйымның жеке бухгалтері жоқ болса, бухгалтермен жүзеге асырады.

Бухгалтерлік қызмет - қызметтерінің ұйымдастыру түрлері бойынша бөлімдерге, әлде секторларға, немесе топтарға бөлінуі мүмкін.

Бухгалтерлік қызметтері жоқ ұйымдар - бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беруді мамандандырылған бухгалтерлік ұйымдар немесе бухгалтерлермен (

маманмен) шартты негізде жүзеге асыруы қажет. Басшылық бухгалтерлік есепті жеке өзі жүргізуіне де болады.

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен.

8. Бас бухгалтерді (бухгалтерді) қызметтен босатқан кезде жаңадан тағайындалған бас бухгалтерге (бухгалтерге) (егер ол жоқ болса - ұйымның бұйрықпен тағайындалған қызметкеріне) құжаттар тапсырылады, ұйым басшылығы бекіткен актіге сәйкес бухгалтерлік есептің ахуалын және есеп берудің нақтылы мәлімет дәлелдігін тексеру процесі жүргізіледі.

9. Ұйым бухгалтерлік есеп шоттарының үлігілік жоспарына сәйкес екі жазба жүргізу жолымен активтердің, міндеттемелердің меншікті капиталдың, кірістер мен шығыстардың болуы мен қозғалысына байланысты операциялар мен оқиғалардың бухгалтерлік есебін жүргізеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен.

10. Ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізген кездегі қамтамасыз ететін н ә р с е л е р і :

есеп беру кезеңі уақытында жеке операциялары мен оқиғалары және активтерге баға беру мен міндеттемелерді айқындауды есепке алу саясатының өзгермеуі ;

барлық операциялары мен оқиғаларының есеп беру кезеңінде осы кезеңдегі жүзеге асырылған жеке активтерді және міндеттемелерді түгендеудің қорытындыларына толығымен есеп беруді айғақтау;

есеп беру кезеңінде табыстар мен шығындарды жатқызудың дұрыстығы; әрбір айдың басында айналым мен қалдықтардың синтетикалық есеп берудің шоттары бойынша берілген талдау есептерінің бірдей мәліметтермен шығуы м і н д е т т і .

Ескерту. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен.

11. Ұйым басшылығы касса операцияларын жүзеге асыра отырып, қолда бар ақша іс-қимылын есепке алуды қамтамасыз етуі қажет.

Қолда бар ақша іс-қимылы алдын ала алғашқы құжаттардың негізіне сәйкес бухгалтерлік касса кітабында тіркеліп, белгіленуі тиіс.

Касса кітабы - нөмірленген, жіппен тігілген және мөрленген болуы тиіс. Касса кітабының бет саны басшылық мен бас бухгалтердің (бухгалтердің) қолымен куәландырылуы тиіс.

Касса кітабындағы жазбалар - көшірме қағазы арқылы екі дана етіп жүргізілуі тиіс. Қағаздың екінші данасы кассир есебі үшін жыртылатындай болуы тиіс. Қағаздың бірінші данасы касса кітабында қалуы керек. Қағаздың бірінші және

екінші данасы бірдей нөмірленеді.

Өшіру және келісімсіз жөндеулерге рұқсат жоқ. Ал, кейбір жөндеулер кассир мен бас бухгалтердің (бухгалтердің) мөрмен куәландырылған қолы қойылады.

Касса кітабы - автоматтандырылған тәсілмен жүргізіліп, оның беттері машинограмма түрінде - "Касса кітабының жапсырма қағазы" болып қалыптасады.

Операциялардың құжаттары, құжаттар айналымы

12. Бухгалтерлік есептің тізілімдегі жазбалар үшін - операциялары мен оқиғалары жасалған мәліметтер тіркелген ең алғашқы құжаттар негіз болып табылады.

13. Операциялар мен оқиғаларды ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы құжаттарға арналған нысандарды немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

14. Уәкілетті орган нысандарын немесе нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды бекітпеген, қағазға түсірілген және электронды жеткізушілердегі бастапқы құжаттарды кәсіпкерлер мен ұйымдар дербес әзірлейді және оларда мынадай деректемелер міндетті түрде қамтылуға тиіс:

құжаттар атауын (түрлерін);

құрылған күнін;

ұйымның атауы немесе атына құжат жасалған кәсіпкердің тегі және аты-жөні;

операцияның немесе оқиғаның мазмұны;

операцияның немесе оқиғаның өлшем бірлігі (сандық және құндық шағылымында);

лауазымдар атауы, тектері, аты-жөні және операцияның жасалуына жауапты тұлғалардың қолы (оқиғаны растау) және оны рәсімдеу дұрыстығы.

Операция немесе оқиға сипаттамаларының түрлеріне, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына және есептеу ақпараттарының дайындау тәсілдеріне орай алғашқы құжаттарға қосымша деректемелер қосылуы мүмкін.

Ескерту. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

15. Бастапқы құжаттарды және бухгалтерлік есеп тіркелімдерін электронды жеткізушілерде жасаған кезде кәсіпкерлер мен ұйымдар операциялардың басқа қатысушылары үшін, сондай-ақ осындай талап ету құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған мемлекеттік органдардың талабы бойынша қағаз жеткізушілерінде осындай құжаттардың көшірмесін дайындауы тиіс.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

16. Алғашқы құжаттар операциялар жасалып жатқан кезде жасалуы қажет, егер де бұл мүмкін емес жағдайда операцияның тәмәмдалуы бойынша міндетті түрде жасалуы тиіс.

17. Кассалық және банктік бастапқы құжаттарға түзетулер енгізуге болмайды. Ал өзге алғашқы құжаттарға түзетулерді - операциялары мен оқиғаларына қатысушылардың келісімі бойынша құжаттарға қол қойған сол азаматтардың түзету енгізген күнін көрсетіп қол қоюмен бекітіп, енгізуге болады.

Ескерту. 17-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

18. Есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттарда қамтылған ақпарат нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітетін бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерінде жинақталады және жүйелендіріледі. Бухгалтерлік есептің регистрлер мәліметі топталған түрде қаржылай есеп беруге аударылады.

Ескерту. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

19. Бухгалтерлік құжаттарға қол қоюға құқылы адамды басшылық белгілейді. Сонымен қатар ақша сомасының көлеміне, іс-әрекет ауқымына және операциялардың мәнділігіне лауазымдық қызметке байланысты қол қоюдың лауазымдық сатысы белгіленуі мүмкін.

Электронды қол қоюды пайдаланушы кәсіпкерлер немесе ұйымдар электронды қол қоюға қатысты пайдаланудың және оған рұқсатқа барғанда кейбір сақтық шараларын және бақылауды белгілеуі қажет.

Ескерту. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

20. Бухгалтерлік есептің алғашқы құжаттарын жүргізгенде (басқа ұйымдардан құру немесе алу, есепке алу, дайындау, архивке өткізу - құжат айналымы) ұйым басшылығы бекіткен кестемен реттеледі.

21. Құжаттар айналымын реттейтін кесте үшін жауапты, сондай-ақ құжаттарды дер кезінде және сапалы жасаған, бухгалтерлік есеп және есеп беруді айғақтау үшін уақытылы беруді, құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына осы құжаттарды бастаған және қол қойған азаматтар жауап береді.

22. Кәсіпкерлер мен ұйымдар бухгалтерлік есепке алудың бастапқы құжаттарын, қағазға түсірілген және (немесе) электронды жеткізушілердегі бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдерін, қаржылық есеп беруді, есеп саясатын, есепке алу деректерінің электрондық өңдеу бағдарламасын Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген кезең ішінде сақтауға міндетті.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

Түгендеу жүргізу

23. Бухгалтерлік есептің және қаржылай есеп беру деректерінің нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында кемінде жылына бір мәрте мүлікке және ақшалай міндеттемелерге түгендеу жүргізіледі.

24. Есеп беру кезеңіндегі түгендеу жүргізудің санына, оларды жүргізу күнін, тексерілген әрбір мүліктер мен міндеттемелердің тізілімдерін ұйымның өзі б е л г і л е й д і .

Ескерту. 24-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

25. Міндетті түрде түгендеу:

материалды жауапты адам ауысқан кезде (істі қабылдау-тапсыру күні);
ұрлау немесе аса зиян келтіру деректері айқындалған кезде, сондай-ақ негізгі құралдардың және/немесе тауарлы-материалдық қосалқы заттардың бүлінуі к е з і н д е ;

кездейсоқ жағдаяттар әсерінен туындаған төтенше жағдайлар, өрт, апат немесе басқа да төтенше жағдайларда;

бөліну балансын жасар алдында ұйымды қайта ұйымдастырған кезде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда; жылдық қаржылық есептілікті жасаған кезде жүргізіледі.

Ескерту. 25-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығымен .

Күшіне ену күні

26. Бухгалтерлік есептің бұл стандарты 1998 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.